

ҚАЗАҚСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ПРЕМЬЕР-МИНИСТРІ



ПРЕМЬЕР-МИНИСТР
РЕСПУБЛИКИ
КАЗАХСТАН

010000, Нұр-Сұлтан қ., Үкімет үйі

010000, город Нур-Султан, Дом Правительства

№ _____

**Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің
депутаттарына,
«Аманат» партиясы, «Ақ жол»
Қазақстан Демократиялық
партиясы фракцияларының
мүшелеріне**

*2022 жылғы 9 наурыздағы
№ ДС-89 сауалға*

Құрметті депутаттар!

Сіздердің көктемгі дала жұмыстарының мәселелеріне қатысты депутаттық сауалыңызға мынаны хабарлаймын.

Минералды тыңайтқыштарды субсидиялауды шешу бойынша

2021 жылы минералды тыңайтқыштардың әлемдік бағасы табиғи газ бен электр қуатының қымбаттауына байланысты айтарлықтай өсті.

Қалыптасқан жағдайды ескере отырып, ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерді қаржылық қолдау мақсатында тыңайтқыштарды субсидиялау нормалары ағымдағы нарықтық бағаларды ескере отырып, қайта қаралды. Бүгінгі таңда облыстардың әкімдіктері нормаларды қаулылармен бекіту рәсімдерін жүргізуде.

Бұл ретте Ауыл шаруашылығы министрлігі (бұдан әрі – Министрлік) Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігімен және облыстардың әкімдіктерімен бірлесе отырып, минералды тыңайтқыштардың бағасын төмендету жұмыстарын жүргізуде. Айталық, отандық тауар өндірушілермен бірқатар кездесулер мен кеңестер өткізіліп, нәтижесінде ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерді қолжетімді бағадағы минералды тыңайтқыштармен қамтамасыз ету туралы келісімге қол жеткізілді. Ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің мәлімделген көлемі нақты жеткізу кестелерін қалыптастыру үшін отандық зауыттарға жіберілді.

Сондай-ақ, «ҚазАзот» АҚ-мен өткізілген кеңестің қорытындысы бойынша аммиак селитрасының бағасын жыл басындағы белгіленген бағадан 25 %-ға

(тоннасына 200,0 мың теңгеден 160,0 мың теңгеге дейін) төмендету жөнінде келісімге қол жеткізілді.

Өңірлердің арзандатылған тыңайтқыштарға қажеттілігін қамтамасыз ету үшін облыстардың жергілікті бюджеттерінде 26,8 млрд теңге көзделген. Сонымен қатар, қазіргі уақытта республикалық бюджеттен қосымша қаражат бөлу мәселесі қарастырылуда. Тиісті бюджеттік өтінім қаралып, республикалық бюджет комиссиясының қарауы үшін Қаржы министрлігіне енгізілді.

Жалпы, көктемгі дала жұмыстарының басталуымен өңірлердің минералды тыңайтқыштармен қамтамасыз етілуіне мониторинг жүргізілуде. Ағымдағы жылғы 25 наурыздағы жағдай бойынша 265,4 мың тонна тыңайтқыш жеткізуге келісімшарттар жасалып, оның 116,4 мың тоннасы тиеліп-жөнелтілді. Тыңайтқыш сатушылар қоймаларды толтыруда, тыңайтқыш жеткізу ұйымдастырылған. Кейбір өңірлерде облыстардың әкімдіктері отандық зауыттармен меморандумға қол қойып, жеткізілім көлемін бекітті.

«Кең дала» бағдарламасы аясында минералды тыңайтқыштардың, қосалқы жабдықтардың, егіс тұқымдары бағаларының қымбаттауына байланысты қаржы көлемін ұлғайтып, қамтамасыз ету бойынша

Ағымдағы жылы «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ желісі бойынша көктемгі егіс және егін жинау жұмыстарына кредит беруге 70 млрд теңге көлемінде бюджеттік кредит бөлінді.

Бүгінгі күні «Кең дала» бағдарламасы аясында ресми түрде ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілерге (бұдан әрі – АШТӨ) 79,7 млрд теңге сомасына 2792 өтінім келіп түсті, оның ішінде:

- 46,6 млрд теңгеге АШТӨ-нің 1451 өтінімі қаржыландырылды;
- 22,8 млрд теңгеге АШТӨ-нің 1184 өтінімі мақұлданды;
- 10,3 млрд теңгеге АШТӨ-нің 157 өтінімі қаралуда.

Сонымен қатар, қазіргі уақытта Министрлік тарапынан көктемгі егіс және егін жинау жұмыстарын жүргізу үшін қаржыландыру көлемін қосымша 70 млрд теңгеге ұлғайту арқылы бюджеттік кредиттеуді 140 млрд теңгеге дейін жеткізу мәселесі пысықталуда.

Бұл ретте, 70 млрд теңге мөлшерінде қосымша бөлінген қаражат 1 гектарға келетін шығын нормативтерінің өсуін ескере отырып беріледі.

Арзандатылған бағамен берілетін жанар-жағар маймен толыққанды қамтамасыз ету бойынша

Ағымдағы жылы (ақпан-маусым айларында) егіс жұмыстарын жүргізуге облыстардың өтінімдері негізінде өңірлердің дизель отынына қажеттілігі 400,2 мың тонна (2021 жылы – 380,0 мың тонна) болып айқындалды.

Ағымдағы жылғы 14 ақпанда Энергетика министрлігі өңірлерді мұнай өңдеу зауыттарына (бұдан әрі – МӨЗ) бекіту кестесін және ақпан айына дизель отынын МӨЗ арқылы өткізу бағасын тоннасына 212,0 мың теңге деңгейінде бекітті.

Анықтама ретінде. Өңірлік операторлардың жеткізуге, сақтауға және сатуға жұмсайтын шығындарын ескере отырып, АШТӨ үшін орташа баға литрі үшін 200 теңгені құрайды (өңірлердегі жанармай құю станцияларында баға 1 литрі үшін 230 теңгеден 260 теңгеге дейін), ол орташа есеппен 15 %-ға арзан.

Қазіргі уақытта облыстардың әкімдіктері (ішкі регламент негізінде) дизельдік отынды МӨЗ-ден сатып алуды және өңірлерге жеткізуді, содан кейін АШТӨ-ге өткізуді қамтамасыз ететін операторларды айқындау жөніндегі шараларды аяқтады.

Оңтүстік облыстарда (Алматы, Жамбыл, Қызылорда және Түркістан) операторлардың ресурс иелерімен жасалған келісімшартына сәйкес дизельдік отын көлемі бойынша төлем жасау рәсімдері аяқталып, жөнелту және жеткізу шаралары жүзеге асырылуда.

Субсидиялау тәсілдерін тұрақтандыруда және мемлекет тарапынан ауыл шаруашылығына берілген қолдаудың дер кезінде орындалуында Ауыл шаруашылығы министрлігінің жауапкершілігін қатаң сұрау қажеттілігіне қатысты

Ағымдағы жағдайды және оның даму үрдістерін кешенді талдауды, геосаяси дағдарыстың ел экономикасына теріс әсерін азайту бойынша барабар шаралар қабылдау қажеттілігін негізге ала отырып, Мемлекет басшысы субсидиялаудың жаңа тетігін енгізу мәселесін келесі жылға дейін кейінге қалдыру және ағымдағы жылы агроөнеркәсіптік кешенді қолданыстағы қағидалар бойынша мемлекеттік қолдауды жүзеге асыру туралы шешім қабылдады.

Сонымен қатар, отандық агроөнеркәсіптік кешеннің тұрақтылығын сақтау қажеттілігін ескере отырып, осы мақсаттарға қосымша қаражат бөлу арқылы мемлекеттік қолдауды сақтап қана қоймай, күшейту туралы шешім қабылданды.

Атап айтқанда, минералды тыңайтқыштар мен пестицидтерді, өндеуге тапсырылған өнімді субсидиялауға, инвестициялық субсидиялау бағдарламасын кеңейтуге, кредиттердің сыйақы мөлшерлемесін арзандатуға қосымша қаражат бөлу көзделіп отыр.

Бөлінген қаражат, ең алдымен, өткен жылы пайда болған берешекті өтеуге, тауарлық-материалдық ресурстар бағасының көтерілуінен АШТӨ шығындарын өтеуге және ішкі азық-түлік нарығында отандық тауар өндірушілердің бәсекеге қабілеттілігін сақтауға бағытталатын болады.

Мемлекет тарапынан ауыл шаруашылығына берілетін қолдаудың АШТӨ-ге дер кезінде жеткізілуі Үкіметтің қатаң бақылауында.

Ә. Смайылов